

1-апта
Дәріс №1-2
Пәнге кіріспе

1. Пәннің мақсаты мен міндеттері
2. Пәнді оқытудың практикалық маңызы

1. Алдымен «Қазақ тілін зерттеу әдістері мен әдіснамасы» деген пәннің атауын анықтап алайын. Пәннің атауына шартты түрде қарауларыңыз керек деп білемін. Қазақ тіліне ғана тән зерттеу әдістері болмайды. Зерттеу әдістері ұғымы ғылым түрлерінің бәріне ортақ. Ағылшын тілінің зерттеу әдістері немесе француз тілінің зерттеу әдістері деген түсінік жоқ. Сондықтан мен пәнді Лингвистикадағы зерттеу әдістері деп түзетіп, курстың мазмұны соған сәйкес құрылды. Осыған орай жоғарыда атап өткенімдей, жеке тілдердің зерттеу әдістері болмайды, ғылымның түрлеріне ортақ әдістер бар.

Ғылымның жіктелісі мен түрлері. Қоғамдық ғылымдар, гуманитарлық ғылымдар, әлеуметтік ғылымдар, техникалық ғылымдар деп бөліністі естіген боларсыздар. Еуропалық шетелдік танымда

гуманитарлық,

әлеуметтік: антропология, экономика, география, саясаттану, психология, социология, әлеуметтік жұмыс;

жаратылыстану: биология, химия;

жер ғылымы: геодезия;

аспан ғылымы: астробиология, астрономия, астрофизика, физика;

формалды ғылымдар: компьютер ғылымы, математика; медицина және денсаулық сақтау ғылымы ().

«Қазіргі кезде танымның саласы, пәні және әдісіне байланысты ғылымдар төмендегідей бөлінеді:

табиғат туралы – жаратылыстану;

қоғам туралы – гуманитарлық және әлеуметтік;

ойлау мен таным туралы – логика, гносеология, эпистемология және т.б.

(Онтология мен эпистемология Зина О Лириден оқу: жақсы сипатталған)

Оқу-әдістемелік бөлімнің ғылыми-әдістемелік кеңесі жасаған Жоғары білімнен кейінгі білім берудің магистрлік бағдарламаларының (мамандандудың) тізіміндегі мамандықтар мен бағыттардың классификаторында білім беру бағыты төмендегідей көрсетілген:

1) жаратылыстану ғылымы және математика (механика, физика, химия, биология, топырақтану, география, гидрометеорология, геология, экология және т.б.);

2) гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық ғылымдар (мәдениеттану, дінтану, филология, философия, лингвистика, журналистика, кітаптану, тарих, саясаттану, психология, әлеуметтік жұмыс, әлеуметтану, аймақтану, менеджмент, экономика, өнер, дене тәрбиесі, сауда, агроэкономика, статистика, заңтану және т.б.);

3) техникалық ғылымдар (құрылыс, полиграфия, телекоммуникация, металлургия, тау-кен ісі, электроника және микроэлектроника, геодезия, радиотехника, сәулет және т.б.);

4) ауылшаруашылық ғылымдары (зоотехника, ветеринария, агроинженерия, орман ісі, балық аулау және т.б.).

Бұл классификаторда техникалық және ауылшаруашылық ғылымдары бөлек топқа бөлінген, ал математика жаратылыстану ғылымдарына енгізілмеген.

Ғылыми қызметкерлер мамандықтарының номенклатурасында төмендегі ғылым салалары көрсетілген: физика-математикалық, химиялық, биологиялық, геологиялық - минералогиялық, техникалық, ауылшаруашылық, тарих, жер туралы ғылымдар,

экономикалық, философиялық, филологиялық, географиялық, заңтану, педагогикалық, медициналық, фармацевтикалық, ветеринарлық, өнертану, сәулет, психологиялық, әлеуметтік, саясаттану, мәдениеттану.

Ғылымдардың классификациясы. Ғылыми іс-әрекет төмендегідей жіктеледі:

- мақсатқа арналуы бойынша: теорияны дамыту, жаңа техниканы ойлап табу, технологияларды жетілдіру және т.б.;
- ғылыми жұмыстардың түрлері бойынша: іргелі, қолданбалы зерттеулер, әзірлемелер;
- зерттеу жұмыстарының ауқымы бойынша: ғылымдағы бағыт, ғылыми мәселе, ғылыми тақырып, ғылыми сұрақ;
- зерттеу әдісі бойынша: теориялық, эксперименталды, аралас.

Ғылым жіктелісінің басқа да түрлері бар. Мысалы, ғылымның тәжірибемен байланысына қарай **іргелі** (теориялық), яғни дүниенің объективті және субъективті негізгі заңдарын түсіндіретін және тәжірибеге тікелей бағытталмаған түрі, **қолданбалы**, яғни техникалық, өндірістік, әлеуметтік-техникалық мәселелерді шешуге бағытталған түрі ажыратылады.

Іргелі ғылыми зерттеулер – қоршаған орта, адамның дамуы мен қызметі, қоғам құрылысының негізгі заңдылықтары туралы жаңа білімді алуға бағытталған эксперименталды немесе теориялық іс-әрекет. Мысалы, іргелі зерттеулер қатарына құқықтық мемлекеттің қызметі мен қалыптасу заңдылықтары туралы зерттеулерді немесе қылмыскерліктің дүниежүзілік, аймақтық ағымы туралы зерттеулерді жатқызуға болады.

Іргелі зерттеулер табиғаттың жаңа заңдары мен құбылыстарын ашуға және зерттеуге, зерттеудің жаңа принциптерін жасауға бағытталады. Іргелі зерттеулердің мақсаты – жаңа заңдарды ашу, құбылыстардың арасындағы байланысты табу және жаңа теорияларды жасау. Іргелі зерттеулер нақты оң нәтиже алу жағынан келгенде қаупі аз және анық емес болып келеді, оның ықтималдығы 10 пайыздан аспайды. Мұндай зерттеулер белгілі мен белгісіздің шекарасында жүргізіледі. Осыған қарамастан, іргелі зерттеулер ғылымның дамуын және қоғамдық өндірістің негізін құрайды.

Қолданбалы ғылыми зерттеулер – жаңа білімді практикалық мақсатқа жету және нақты міндеттерді шешу үшін қолдануға бағытталған зерттеулер. Басқаша айтқанда, олар іргелі зерттеулер нәтижесінде алынған ғылыми білімді адамдардың практикалық іс-әрекетінде қолдану мәселесін шешуге бағытталады. Қолданбалы зерттеулер өндіріс құралдарын, тұрмыстық заттарды және т.б. жаңадан жасау немесе бұрын барларын жетілдірумен айналысады. Қолданбалы зерттеулер, атап айтқанда, техникалық ғылым саласындағы зерттеулер іргелі зерттеу нәтижелерінде алынған білімді «заттандыруға» бағытталады. Техника саласындағы қолданбалы зерттеулер әдетте табиғатпен тікелей байланысты болмайды. Олардың зерттеу нысандары - машиналар, технологиялар немесе ұйымдастыру құрылымдары, демек, жасанды табиғат деген сөз. Қолданбалы зерттеулердің практикалық бағыты мен нақты мақсаты олардан күтілетін нәтиженің жоғары болатындығын, яғни 80 – 90 пайыздан кем емес нәтиже беретіндігімен сипатталады. Қолданбалы зерттеулер нәтижесіндегі негізгі ғылыми ұғымдардан техникалық ұғымдар жасалынады.

Бәр пән аясындағы және пәнаралық зерттеулер.

Бір пән аясындағы зерттеулер жеке ғылымдар шеңберінде жүргізіледі. Пәнаралық зерттеулер әр түрлі ғылым саласының мамандарының қатысуын талап етеді және бірнеше ғылыми пәннің тоғысында жүргізіледі. Кешенді зерттеулер әдістер мен әдістеме жүйесінің көмегімен жүргізіледі, мұнда ғалымдар зерттелініп отырған нысанның маңызды өлшемдерінің барынша мүмкін болатын сандарын алуға ұмтылады.

Бір факторлы, немесе *аналитикалық* зерттеулер зерттелініп отырған нысанның зерттеушінің көзқарасы бойынша, барынша маңызды бір аспектісін анықтауға бағытталады.

Зерттеулерді оларды жүргізу мақсатына қарай бірнеше типтерге бөлуге болады. Бірінші типіне *ізденушілік зерттеулер* жатады. Бұларға ешкім көтермеген немесе ешкім мұндай әдіспен шешпеген мәселені шешуге ұмтылған зерттеулерді жатқызуға болады. Кейде осындай зерттеулерді «түрту әдісі» зерттеулері деп те атайды: «Былай көрейік, мүмкін бір нәрсе шығар». Мұндай ғылыми жұмыстар аз зерттелінген сала бойынша жаңа нәтижелерді алуға бағытталады.

Екінші тип — *сыни зерттеулер*. Олар бұрынғы теорияларды, үлгілерді, болжамдарды, заңдарды және т.б. теріске шығару мақсатында немесе баламалы екі болжамның қайсысы шындықты дәлірек болжайтындығын тексеру үшін жүргізіледі. Сыни зерттеулер теориялық және эмпирикалық білімдер қоры мол жиналған салаларда және сынақ жүргізудің мақұлданған әдістемесі қалыптасқан салаларда жүргізіледі.

Ғылымдағы зерттеулердің көпшілігі *нақтылау мақсатында* жүргізілетін зерттеулерге жатады. Олардың мақсаты - теория фактілер мен эмпирикалық заңдарды болжайтын шекараны анықтау. Әдетте, алғашқы сынақ үлгілерімен салыстырғанда зерттеу жүргізудің жағдайы, нысаны, әдістемесі өзгеріске ұшырайды. Міне осымен бұрын алынған теориялық білімнің қандай салаға қатыстылығы анықталады.

Соңғы тип - *қайталама* (воспроизводящие) зерттеулері. Оның мақсаты — алдыңғы ғалымдардың сынақтарынан алынған нәтижелердің дұрыстығын, сенімділігін және шынайылығын анықтау үшін оны дәлме-дәл қайталап өткізу. Кез келген зерттеудің нәтижесі күзіреттілігі сәйкес болатын басқа ғылыми қызметкер тура сондай сынақ жүргізгенде қайталануы тиіс.

Сондықтан да жаңа заңдылықты ашқаннан кейін, жаңа әдістемені жасағаннан кейін және т.б. бұрынғы бірінші жаңалық ашқан ғалымдардың нәтижесін тексеруге бағытталған қалпына келтіру *қайталама* зерттеулерінің саны көбейе түседі. Қалпына келтіру зерттеулері барлық ғылымның негізін құрайды.

Тағы да пәннің атауына қатысты әдіс пен әдіснама атаулары. Әдіс деген не? Әдіснама дегеніміз не? Айырмашылық бар ма қалай түсінесіздер?

«Әдіснама— түрлі зерттеу мектептері заңдастырған, нақты парадигмалық жорамалдарға қатысты талқылау принциптерін ұсынатын, ауқымды, бәрін қамтитын макродеңгейдегі құрылым. Әдіснама зерттеу жүргізуге қажет стратегияны ұсынып, жұмысты негіздеуге көмектеседі. Бұған ғылыми әдіс, этнография және практикалық зерттеу жұмыстары мысал бола алады.

Әдістер – деректерді жинау мен талдау үшін қолданылатын микродеңгейдегі тәсілдер. Дерек жинауға сұхбат алу, сауалнама, бақылау және сырттай бақылау тәсілдері кіреді; ал талдау әдісі сандық (яғни статистика) және сапалық стратегияны (тақырыптық зерттеу) қамтиды». (Зина О Лири)

Пәннің атауын анықтап түсініп алғаннан кейін, О Лири Зина «зерттеу жұмысын қолға алған кезде (қаншалықты маңызды әрі елеулі болса да) көтерген мәселеңіздің жергілікті, негізді және қолданбалы екенін анықтап алыңыз. Ауқымды әрі теориялық жобалармен салыстырғанда нақты мәселелерді шешуге ұмтылған жобалар құнды болуы мүмкін».

Ғылыми зерттеудің нормативті үдерісі төмендегідей сипатталады:

1. Болжамдар ұсыну (болжам).
2. Зерттеуді жоспарлау.
3. Зерттеуді жүргізу.
4. Алынған мәліметтерді талдау.
5. Болжамдарды (болжамды) мақұлдау немесе теріске шығару.

6. Ескі болжамдарды (болжамды) теріске шығарған жағдайда жаңа болжамды ұсыну.

Кез келген ғылыми зерттеудің өзінің пәні мен нысаны болады.

Ғылыми зерттеудің *нысаны* дегеніміз ол материалдық немесе идеалдық жүйесі. *Пәні* – бұл жүйе құрылымы, сол жүйе ішіндегі немесе одан тыс бірліктердің өзара байланысу заңдылықтары, даму, түрлі қасиеттерінің, сапаларының және т.б. заңдылықтары.

Демек, мысалы, лингвистикалық зерттеулерде зерттеу нысаны белгілі бір тілдің паремиясы (мақалдары мен мәтелдері) болуы мүмкін, зерттеу пәні - паремиялардың семантикалық жүйесі, паремиялардың синтаксистік құрылысы, паремиялардың ішкі формасы, олардың шығу тарихы т.б.

Тіл біліміндегі ғылыми зерттеу негіздері. Н.М. Жанпеисова, С.С. Исакова.

Пәндердің бұлайша бөлінісі жай емес, белгілі бір тарихы мен бөлудің шартты белгілері бар. қазақ және орыс тілдерінде ғылым дейміз мысалы тарих ғылымдарының докторы. Ұлыбританияда тарих ғылым емес, ғылым - физика, биология, химия. STEM – science, technology, engineering, and mathematics. Қараңыздар, science жеке бір саланың/пәннің атауы. Science -қа тек химия мен биологияны жатқызады. Тіл ше тіл қай ғылым саласына кіреді? Гуманитарлық әлде филологиялық ғылымдар? Әлеуметтік ғылымдар?

Пәннің мақсаты мен міндеттері қандай дегенде, мен бұл курстың қазақ тілді еңбектердегі зерттеу әдістері туралы (егер ондай арнайы еңбектер бар болса) материалдан біршама бөлектеу болатынын айтамын. Мен өзім оқыған Англия университеттерінде курстар негізінде және ағылшын тілді зерттеулерді басшылыққа аламын. Себептері бар: зерттеу әдістері дегеніміз не, олардың түрлері қандай, оның түрлері докторлық, магистрлік диссертацияларда жазылып жүрген әдістер ме, жалпы біз зерттеуді дұрыс жасап жүрміз бе, мақала дұрыс жаза аламыз ба, тіпті зерттеудің бір бөлшегі қорытындыны жаза аламыз ба, зерттеу тақырыбын дұрыс тұжырымдай аламыз ба т.т. (мысал ретінде диссертациялардағы әдістерді көрсету)

Дәлелдеп көрсетейін: 1) зерттеу әдістері диссертациялардың құрылымдық бөлігі ме: шетел және отандық практикадан 2) мазмұны: қалай сипатталады: салыстыру (диссертациялар көрсету)

Зерттеу әдістерін білу не үшін керек? Лингвистикалық деректерді жинау және оларды талдау үшін керек. Сонымен бұл курста қандай мәселелер қарастырылады (слайдтан көрсетіңдер).

2. Пәнді оқытудың практикалық маңызы зор. Ол сіздер үшін алдымен магистрлік жұмыс жазу үшін дұрыс бағыт береді. Онан кейін бұл курстан алған білімдеріңіз мен тәжірибелеріңіз келесі саты докторлық зерттеу жасауға көмектесе алады. Ең бастысы, бұл курс сіздерге ғылымның оңай жол емес екенін ұқтырса, курстың мақсаты орындалғаны деп білемін.

Зерттеудің негізгі тәсілдемелерін түсіну. Осы сәттен бастап сіздер зерттеу әдістері туралы білім қалыптастырасыздар, әдістердің ерекшеліктерін, артықшылықтары мен кемшіліктерін білетін боласыздар.

Сапалық және сандық зерттеулердің арасындағы айырмашылықты түсінесіздер. Басқа студенттерге осы екі зерттеудің мәнісін түсіндіріп бере аласыздар.

Зерттеу әдістерін өз зерттеу жұмысыңызда сауатты түрде қолдана білуге үйретеді.

Зерттеу әдістері туралы өзіңіздің біліміңізді кеңейтесіздер. Еңбектерді оқу арқылы өз зерттеуіңізге қатысты құралдар туралы біліміңізді кеңейтесіз.

Өзіңіздің зерттеуіңіздің сөздігін қалай бастайсыз. Зерттеу терминдерін, оның ішінде этнографиялық зерттеу, әс-әрекетте зерттеу, негізделген теория, және әңгілемелесу теориясын түсіне аласыздар.

Біріншіден, зерттеуіңізді бастамастан бұрын сіз не білесіз?

Екіншіден, **бірқатар зерттеу әдістері мен тәсілдемелері** (подходы) сипатталады. Зерттеуді бастамастан бұрын сіз зерттеуші ретінде әр зерттеу әдісінің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы білуіңіз қажет, бұл сіздің деректеріңізді жинау үшін қайсы әдістің/тәсілдеменің қолайлы екенін анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл курста сіздердің ғылыми жобаларыңызда қолдануға болатын әртүрлі тәсілдемелерге шолу жасаймыз. Онда әртүрлі зерттеу стилдері мен әдіснамаларының қысқаша сипаттамалары, сонымен қатар өз зерттеуіңіздің тәсілдемесін түсінуге көмектесетін қосымша оқу материалдары ұсынылады. Бұл курста:

- Сандық және сапалық зерттеулер арасындағы айырмашылықты түсіндіру.
- кейс-зерттеу, сауалнама мен эксперименттік тәсілдемелерге шолу, олардың артықшылықтары мен шектеулері.
- Этнографиялық зерттеуге.

Негізгі терминдер	
Сандық/Quantitative	Сауалнама /Survey
Сапалық/Qualitative	Сұхбат/Interview
Анкета / Questionnaire	Эксперимент /Experiment
Кейс зерттеу/Case study	Этнография/Ethnography
Корпусқа негізделген зерттеу тәсілдемесі/Corpus-based approach	